

## Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 10-6 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 сәуірде № 1911 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы мәслихатының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 59-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы мәслихатының 07.09.2020 № 59-5 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді - Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 10.10.2013 № 10-8 (жарияланғаннан кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша: "табысы аз отбасылары" деген сөздер "аз қамтылған отбасылары" деген сөздермен ауыстырылды - Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 10.10.2013 № 10-8 (жарияланғаннан кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес Т.Рысқұлов аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет және өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Жантақбаев Бағдат Болатұлына жүктелсін.

3. Аудандық мәслихаттың 2010 жылдың 24 желтоқсанындағы "Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы" № 30-8 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-8-119 болып тіркелген, 2011 жылдың 29 қаңтарындағы № 11 (6637) "Құлан таңы" газетінде жарияланған) күші жойылсын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
А. Қораласбаев*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы  
Б. Шамаев*

Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының  
2013 жылғы 29 наурыздағы  
№ 10-6 шешімімен бекітілген

## **Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Т.Рысқұлов ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары (әрі қарай - Қағида) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына (әрі қарай - Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесі) сәйкес әзірленген.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет есебінен Т.Рысқұлов ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

Тұрғын үй көмегі өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы қызметтерді жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау уәкілетті органмен – "Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.

4. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған шығыстар төлеміне коммуналдық қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Отбасының шекті жол берілетін шығыстардың үлесі отбасының жиынтық табысының 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасының жиынтық табысы атаулы әлеуметтік көмек туралы заңнамасымен айқындалған тәртіпте есептеледі.

4-1. Т.Рысқұлов ауданында тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу үшін

жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге жеткізуші ұсынған шот бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

**Ескерту. 4-1 тармақшаға өзгерістер енгізілді - Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 10.10.2013 № 10-8; 28.03.2014 № 23-10 (жарияланғаннан кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

5. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын жайы (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға тапсыратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

Мүгедектерді, магистратураны қоса алғанда, күндізгі оқыту нысанында оқитын оқушылар мен студенттерді, тыңдаушылар мен курсанттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, он алты жасқа дейінгі бала кезінен мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан адамдарды, үш жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген, еңбек істеуге қабілеті болса да жұмыс істемейтін адамдары бар аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері**

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) уәкілетті органға өтініш береді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй көмегін көрсетудің ережелерінде көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттар салыстыру үшін көшірме және түпнұсқада ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

7. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған шығыстар төлемі, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның қалалық желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге кеткен нақты шығындардың сомасынан асырыла алмайды.

8. Тұрғын үй көмегін алушының тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға кеткен шығыстары болған жағдайда, ол оның өзіне тиесілі үлесі бойынша есепке алынады.

9. Тұрғын үй көмегін алушылар он күн ішінде қандай да болсын тұрғын үй меншігі нысандарының, отбасы құрамының, жиынтық табысының өзгергендері туралы және тұрғын үй көмегі мөлшеріне әсер ететін басқа да факторлар туралы, сондай-ақ, тұрғын үй көмегін дұрыс емес есептеген жағдайда уәкілетті органға хабарлайды.

10. Тұрғын үй көмегінен заңсыз алынған сомалар алушымен ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда – сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

11. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде келесі өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының және коммуналдық қызметтерді тұтынудың нормалары ескеріледі:

1) өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормалары:

жеке басты азаматтар үшін – 30 шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтердің мөлшерінен аз емес және нақты алып жатқан алаңынан артық емес;

екі және одан да көп адамнан тұратын – отбасының әр мүшесіне 18 шаршы метр, бірақ нақты алып жатқан алаңынан артық емес;

2) электр қуаты нормалары (бір айда):

бірден бес адамға дейінгі отбасына – отбасының әрбір мүшесіне 50 киловатт; бес және одан да көп мүшелі отбасына – 200 киловатт;

3) газ нормалары (бір айда):

газ жылыту пеші бар болғанда (1 шаршы метрге) - 7,88 текше метр;

газбен ас дайындау пеші бар болғанда (отбасының әрбір мүшесіне) - 22 текше метр;

сұйытылған газ бар болғанда (отбасының әрбір мүшесіне) – 8,2 килограмм.

### **3. Тұрғын үй көмегін төлеу тәртібі**

12. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

### **4. Қорытынды ережелер**

13. Осы Қағидамен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.